



ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
Қазақстан халқына арнаған
«Төртінші өнеркәсіптік революция
жағдайындағы дамудың жаңа
мүмкіндіктері» атты Жолдауы бойынша

АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛ

Астана - 2018





Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде.

Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық. Біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымыз өзгеріссіз қала береді. Бұл Жолдау жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды.

Елбасы,
«Нұр Отан» партиясының
Төрағасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы бойынша Үндеуі

Құрметті қазақстандықтар!

Қазақстан әлемдегі түрлі сынақтарға төтеп беріп, қарқынды экономикалық даму жолына бет алды.

Еліміздің 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы жүзеге асырылуда.

Жүз нақты қадам Ұлт жоспары аясында біз реформаларды жүргізіп келеміз.

Индустрияландыру саласын өркендету үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Біз конституциялық реформаны жүзеге асырып, еліміздің Үшінші жаңғыруын бастадық.

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып әлемді өзгертуде. Ғаламдық технологиялық өзгерістер үндеу салып қоймай, өсудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Бұл біздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына жылдам енуімізге берілген тарихи мүмкіндік. Ертең менің жыл сайын Қазақстан халқына арнайтын Жолдауым жарияланады. Ол төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында елді дамытуға арналған. Біз жүзеге асыруымыз керек 10 негізгі міндетті атап өткім келеді. Олардың қысқаша мазмұны мынадай:

БІРІНШІ. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Біздің өнеркәсіптеріміз өндіріс шығарылымдарын цифрландыру және заманауи бизнес үлгілерді игеру арқылы еңбек өнімділігін арттыру қажет.

ЕКІНШІ. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту. Кешенді ақпараттық-технологиялық платформаларды белсенді түрде енгізу қажет. Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге, сондай-ақ энергия өндірушілердің өз жұмыстарының экологиялық тазалығы мен тиімділігіне қойылатын талаптарды арттыру керек.

ҮШІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық деңгейге көтеру керек. Бұл ауылшаруашылығында еңбек өнімділігі мен өңделген өнім экспортын түбегейлі арттыруға тиіс.

ТӨРТІНШІ. Көлік және логистикалық инфрақұрылымды одан әрі дамыта беру. Цифрлық технологияларды енгізу мен Интеллектуалды көлік жүйесін құру жүк тасымалдау мерзімдерін қысқартуға, транзиттен түсетін табыстарды еселеуге мүмкіндік береді.

БЕСІНШІ. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу. Құрылыстың жаңа әдістері, ғимараттың энерго тиімділігіне талапты күшейту, инфрақұрылымды басқарудың интеллектуалды жүйесі қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

АЛТЫНШЫ. Қаржы секторын «қайта жаңғырту». Банктік жүйені жақсарту шаралары бақылауды күшейтумен қатар жасалып, қарапайым азаматтардың мүдделеріне жұмыс істеуі керек. Банк иелері мен басқарушыларының жауапкершілігін айтарлықтай көтеру керек. Несиелендіру аясын кеңейтіп, қор нарығын дамытуды қамтамасыз ету талап етілуде.

ЖЕТІНШІ. Адам капиталының жаңа сапасы. Білім беру жүйесінің барлық деңгейі заманауи және экономикалық қажеттіліктерге жауап беруі тиіс. Мұнымен қоса мұғалім мамандығының беделін арттыру қажет. Денсаулық сақтау саласында жаңа технологияларды енгізу профилактика мен ауруды емдеуді жақсартып, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруы қажет. 2016–2017 жылдары әлеуметтік төлемдер үш рет көтерілді. Соның ішінде базалық зейнетақы 29 пайызға, ынтымақты зейнетақы – 32 пайызға, денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысы 28 пайызға, білім беру 29 пайызға, мемлекеттік қызметкерлер 30 пайызға артты. Бұл үрдіс жалғаса бермек. Ағымдағы жылы әлеуметтік салаға бюджет шығыны 12 пайызға арттырылып, ол 4 трлн теңгені құрады.

Базалық зейнетақы орташа есеппен еңбек өтілі есебімен 1,8 есеге өсті. Оқу бағдарламаларының жаңартылған мазмұны шеңберінде оқытылған мұғалімдердің қызметтік еңбекақылары бекітілген біліктіліктеріне қарай 30 бен 50 пайыз аралығында өседі.

СЕГІЗІНШІ. Тиімді мемлекеттік басқару. Цифрлық технологиялар бизнесті реттеуді жалғастырып, мемлекеттік қызметтер мен қолдаулар сапасын арттырады, азаматтардың қажеттіліктері анағұрлым көбірек ескерілетін болады. Өңірлердің өз бетінше экономикалық қызметі және жергілікті өзін-өзі басқаруы кеңейтілмек.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Заңның үстемдік құруы, сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді.

ОНЫНШЫ. «Смарт Сити» технологиясын енгізу өсіп келе жатқан қалалардың мәселелерін тиімді шешіп, олардың инвесторлар үшін тартымдылығын көтермек.

Бүгінгі таңда біздің барлығымыз осы 10 міндетті орындауға жұмылуымыз қажет. Жолдаудың толық мәтінінде олар егжей-тегжейлі түсіндірілген.

Құрметті қазақстандықтар!

Аталған міндеттерді орындау үшін бүкіл қоғамның бірлігі мен ынтымағы керек.

Ол үшін Үкімет пен әкімдер кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет.

Отанымыздың көркеюі әркімнің жаңа *«цифрлық дәуір»* талаптарына сай болуына байланысты.

Осыны әрбір қазақстандық терең түсінуі керек.

Қазақстанның жарқын болашағы жолында барлық мақсаттарға қол жеткізетінімізге кәміл сенемін!

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	8
ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР.....	9
1. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ КӨШБАСШЫСЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС	12
2. РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ОДАН ӘРІ ДАМУЫ.....	17
3. «АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» – АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ МҮМКІНДІГІ	20
4. КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ..	24
5. ҚҰРЫЛЫСТА ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ СЕКТОРДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ.....	28
6. ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН «ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ».....	31
7. АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ	35
8. ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ	44
9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖӘНЕ ЗАҢНЫҢ ҰЛЫҚТЫЛЫҒЫ.....	48
10. «АҚЫЛДЫ ҰЛТ ҮШІН АҚЫЛДЫ ҚАЛА».....	51

КІРІСПЕ

2018 жылдың 10 қаңтарында ел алдында тұрған, дамудың негізгі міндеттері нақты көрсетілген Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы жарияланды.

Президенттің аталған жолдауы бұрын бекітілген бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарды жүзеге асырудың нақты жоспары, солардың логикалық жалғасы болып табылады. Жолдауда Мемлекет басшысы биыл күш жұмсап шешетін нақты міндеттерді атап өтті. Бұл «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» «Қазақстанның үшінші жаңғыруы», «Индустириаландыру бағдарламасы», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы және тб. мақсаттарын жүзеге асырудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

Н.Ә.Назарбаев бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқан атап өтті. Жаңа технологиялық қалыптың келуі, «Көл-көсір мұнай» дәуірінің аяқталып келе жатқаны елден төртінші өнеркәсіптік революцияның элементтері көптеп енгізуге негізделген дамудың жаңа сапасын талап етеді. Мұнымен қоса Қазақстанның бұған дейінгі жетістіктері – сенімді база болғанымен болашақтағы табыстар кепілі еместігін естен шығармау керек.

Бүгінгі өзгерістер, ғаламдық трендтер жаңа әлемнің қалыптасуына алып келеді және Қазақстанның соның көшбасшылары қатарына енуіне мүмкіндігі бар. Экономика, саясат, сананы жаңғырту дәл осы мақсатқа бағытталған.

ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында практика жүзіндегі бағыты жоғары, қойылған міндеттері мен күтілетін нәтижелерінің мейлінше нақты көрсетілгеніне қарамастан, елдегі орта статистикалық азаматтар үшін ұғынуы күрделі болып табылады және арнайы білімінің болуын қажет етеді.

«Нұр Отан» партиясы Саяси талдау және стратегиялық зерттеу орталығы жүргізген зерттеу қорытындыларымен Мемлекет басшысының Жолдауы шыққаннан кейінгі бес күн ішінде 71,3% кәметет жасқа толған қазақстандық жолдаудың кейбір тезистерін естігені белгілі болды. Біздің алдымызда мазмұнды ақпараттық насихат жүргізу міндеті тұр. Халықтың түрлі санаттарына дамудың перспективалы мақсаттары және басым бағыттары туралы нақты әрі түсінікті етіп жеткізу қажет. Көп жағдайда Жолдаудағы тапсырмалардың орындалу тиімділігі, ол аталмыш үдеріске қазақстандықтардың қатысуына және олардың әлеуметтік көңіл-күйіне байланысты. Қоғамдағы ел дамуының саяси бағытын қолдау, экономикалық жағдайды жақсартуға сұраным, сонымен қатар, өзгерістерге дайындық мемлекет басшысының Жолдаудағы міндеттерін жүзеге асыруға мықты іргетас болмақ.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары шеңберінде келесідей негізгі жағдайларға ерекше мән берілуі керек:

- **Жолдау-2018 елде жүргізіп жатқан жаңғырту үдерістерінің логикалық жалғасы болып табылатындығы** және «Қазақстан-2050» даму стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және Қазақстанның үшінші жаңғыруымен түйісетіні жөнінде аудиторияға бағдар беру қажет. 2025 жылға дейін қабылданған және қолданыстағы Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспары, индустриаландыру бағдарламасы, «Цифрлы Қазақстан» бір ғана мақсат – әлемнің 30 дамыған елінің қатарына енуіне бағытталған.
- Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде **технологиялық, экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге барабар және жедел жауап беруді талап етеді.** Жаңа жағдайлардағы өмірге Қазақстанның сәтті бейімделуінің қозғаушы күші болып экономиканың барлық саласын цифрландыру болып табылады.
- Төртінші өнеркәсіптік революция **тек үндеу ғана емес, ол**

мүмкіндіктер де сыйлайды. Біздің жасағанымыз ғана емес, біздің өзіміз де, біздің бірегейлігіміз де өзгереді. Бүгіннің өзінде цифрлық технологиялар жеке кеңістік, жеке меншік ұғымы, қарым-қатынас құру туралы біздің түсінігімізді өзгертуде. **Бұл тұрғыда ішкі әлемді, рухани дамуды нығайту маңызды.** Сол себепті, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру, ол мәдениет және идеологияны дамыту арқылы халықтың әлеуетін арттыруға септігін тигізеді.

- Бүгін біз Елбасы идеясының айналасында **бір ел болып бұданда берік бірігіп**, бір ауыздан дамуыдың келесі кезеңіне өтуіміз керек. Қазақстан тәуелсіздігінің 26 жыл ағымында Конституцияға бекітілген және әлеуметтік-экономикалық табыстың негізі саналатын азаматтық әлем, этносаралық пен конфессияаралық келісім біздің өшпес құндылықтарымыз болып табылады. Біздің қоғамның идеалы өз елінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сонымен бірге өзі заманауи, шетел тілдерін білетін, озық және жаһандық көзқарастары бар қазақстандық болуға тиіс. **«Мемлекеттік тіл** бұл Отан ұғымы бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс.» (Н.Ә.Назарбаев)
- Түсіндіру жұмыстары шеңберінде **Төртінші өнеркәсіптік революцияның негізгі мынадай сипаттамаларына ерекше тоқталған** маңызды: цифрландыру, индустрияландыру, блокчейн, Интеллектуалды экожүйе, Интернет дүниелер және басқа да халықтың түсінуіне қиын ұғымдар. Біқтимал үрейлер мен күдіктерді жою үшін, цифрландырудың біздің өмірімізде бар екенін және болашақта оның рөлі мен тәжірибелік маңызы арта түсетіндігін атап өту қажет.
- Түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру барысында тұрғындар үшін ең маңызды сұрақтарға ерекше назар аударған жөн. Көп жағдайда, ол мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін орындауы. Жалақы, әлеуметтік төлемдердің көтерілуі, сол сияқты білім беру жүйесі жұмысшыларының еңбегін бағалау принципі.
- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының бөлек блогы **білім беру жүйесінде тіл мен тілдік балансты үйрету, денсаулық сақтау жүйесін және медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, еңбек нарығы мен жұмыспен қамту жүйесін дамыту, мемлекеттің әлеуметтік қолдау** сұрақтары болуы тиіс.
- Төртінші өнеркәсіптік революция адамнан когнитивтік қабілеттер, күрделі мәселелерді шеше алу, контент құру дағдылары, креативті ойлау, ресурстарды басқару қасиеттерін талап етеді. Қазірдің өзінде 60% жұмыс орнына креативті ойлай білетін жұмысшылар

іздістірілуде. **Білім берудің қазіргі заманғы жүйесі жаңа тәсілдер мен жаңа мазмұнды қажетсінеді.**

Сонымен бірге, Қазақстанның экономикада жеткен жетістіктерін баса айтып, бүгінде өмірімізде бар оң өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктер туралы көбірек мысалдар келтіру қажет.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен насихаттау маңыздылығын ескере келе **мынадай тұстарға ерекше мән беру керек:**

- Сөз сөйлеуге дайындық кезінде қандай аудиториядағы адамдармен әңгіме болғалы тұрғанын ескеру қажет. Келтіретін аргументтер мен мысалдар сол адамдардың күнделікті тұрмысына мейлінше жақын болу керек. Әрбір месседжді мазмұнды толықтырылуы тиіс. Міндет – Жолдаудың ең басты мәнін жеткізу, сондықтан ақпараттық материалдар (мақалалар, жарияланымдар, бейне сюжеттер, пікірлер және т.б.) сапалы, халықтың түсінуіне оңай болуы керек.
- Елбасы Жолдауын қолдауда тек бір қатып қалған дәстүрлі қалыптарды білдіретін үстірт, жалпылама, жалықтыратын сөздерден қашқан жөн.

Халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында, **Жолдау-2018 қойылған барлық міндеттер шынайы екендігі әрі орындалатындығы және іс жүзінде нақты бір нәтижелерге жетуге бағытталғандығына баса назар аударған орынды.**

Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына кіруі – бұл ең алдымен өмір сүру сапасы мен деңгейін, еңбек пен тұрмыс жағдайын, инфрақұрылымды, әлеуметтік мәселелерді шешуді жақсартуды білдіреді.

БІРІНШІ МІНДЕТ

Индустрияландыру – жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысы

Жоғары еңбек өнімділігі бар өңдеу секторы

2017 жылы еліміз әлемдік дағдарыстың теріс салдарын еңсере отырып, сенімді өсу жолына қайта түсті. Негізгі тұрақтандырушы факторлар қатарында индустрияландыру болды. Дәл осыған байланысты Жолдаудағы басымдықтардың бірі өңдеу секторындағы өнімділікті арттыру болып табылады.

Еңбек өнімділігі бәсекеге қабілеттілікті білдіреді. Бұл өз кезегінде адами ресурстардың сапасы мен кәсіпкерлік дағдыларын арттыратын инновациялар мен технологиялардың дамуына алып келеді.

Бұл үшін не істеу қажет

- **4.0 жаңа технологиялық қалыптың** барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып мейлінше **инновациялық** сипатқа ие болу
- Кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға (**технологияны трансферттеу**) бағытталған **жаңа құралдар** әзірлеп, сыннан өткізу
- Еліміздің бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорынын **цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны** іске асыру

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Жыл қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім өсімі **4%**-ды құрап, ал өнеркәсіптік өндіріс – **7%**-дан асты. Өңдеу өнеркәсібінің бес жылдағы ең жоғары өсу көрсеткіші – **5,1%**-ды құрады, бұл ең алдымен Индустрияландыру картасы шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыруға септігін тигізеді

Анықтамалық: 2009 жылдан бері Қазақстанда индустриялық-инновациялық дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2017 жылы ИИДМБ арқылы құны 850 млрд теңге тұратын 62 жоба енгізіліп, 5,5 мың жұмыс орны ашылды.

- Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 13 млн. теңгені құрады немесе бұл адам басына шаққанда \$39 мың, **бір жылдағы өсім - 18%**

- Елдегі ЖІШ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2010 жылдың қорытындысы бойынша 11,3%-ды құрады, ал 2017 жылдың 7 ай қорытындысы бойынша – **12%**
- Ел өнеркәсібіндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2010 жылдың қорытындысы бойынша 30,5 %-ды құрап, ал 2017 жылы **40%-ға артты**
- Ел экспортындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2010 жыл қорытындысы бойынша 27,9%-ды құрап, ал 2017 жылдың 7 айы бойынша – **32,5 % болды**
- Қазіргі таңда отандық өнім әлемнің **110-нан астам** еліне экспортталады
- Қазақстан өңдеу секторы анағұрлым жылдам өсіп келе жатқан **елдердің жетілігіне кіреді**

Цифрлық және басқа да инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің жеке экожүйесін дамыту

Қазақстан Назарбаев университеті, АХҚО және ІТ-стартап халықаралық технопаркi сынды инновациялық орталықтар айналасында жеке экожүйесін дамытуы қажет.

Ақпараттық технологиялардағы экожүйелердің жарқын үлгілерінің бірі болып АҚШ-тағы «силиконды алқап» (АҚШ-тағы цифрлы және инновациялық шешімдерді өңдеу бойынша жетекші инновациялық кластері) табылады. АҚШ-тағы барлық венчурлы инвестициялардың 30-40%-ы жыл сайын "Силикон алқабына" тиесілі болып келеді.

Бұл үшін не істеу қажет

- «Алатау» инновациялық технологиялар **Паркінің қызметін трансформациялау**
- Нақты сектордың жаңа технологияларға деген **сұранысты ынталандыру**
- **Венчурлық қаржыландырудың** жеке нарығының қызметін құру

Анықтамалық: «Венчур» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «тәуекелі көп іс» деген мағынаны білдіреді. Венчурлы қаржыландыру – ұзақ мерзімді қаржы салу көзі. Әдетте олар дамудың бастапқы кезеңіндегі ұйымдарға 5-7 жылға беріледі. Жұмыс істеп тұрған компанияларға қаржы оны дамыту үшін ұсынылады. Негізінен мұндай кәсіпорындар ІТ-дан бастап ауылшаруашылығына дейінгі түрлі саладағы инновацияларды жасаумен айналысады.

- Венчурлық қаржыландыру нарығын құру, цифрлық технологияны енгізумен байланысты **сұрақтарды заңдық тұрғыда реттеу.**

Босайтын жұмыс күшін еңбекпен қамту үшін келісілген саясатты алдын ала тиянақтау

БҰҰ мәліметтеріне сәйкес таяу жылдарда дамыған елдердің 65%-дан астам жұмысшы күші жылдам дамыған технология аясында жұмыстан айрылады.

Бұл үшін не істеу қажет

- Босайтын жұмысшы күшін **еңбекпен қамту үшін келісілген саясатты алдын ала тиянақтау**
- **Білім беру жүйесін** бейімдеу
- **Коммуникацияны** жаңа индустрияландыру талаптарына бейімдеу
- **Стандарттау саласын** бейімдеу

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

Өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде азаматтарды нарықта сұранысқа ие кәсіптерге өз беттерінше жұмысқа орналаса алу мүмкіндігі үшін оқыту қарастырылған. 2016 жылы 93 мыңнан астам адам кәсіби оқытылды.

- Қысқа мерзімді оқумен 72 мың адам қамтылды, оның 39,5 мыңы жұмысқа орналастырылды.
- 11 базалық ЖОО-да 47 жаңа пәнаралық зертхана және 2 медициналық ЖОО-да ұжымдық қолданыстағы 2 зертхана жұмыс істеп тұр.
- Техникалық және кәсіби білім беру саласында 2016 жылы ИИДМБ экономиканың басымдық салаларындағы жобаларында көрсетілген кадрларға сұраныс және 10 колледждің тізімі анықталды
- 10 колледж базасында әлемдік үздік тәжірибелер негізінде жасалған 53 модульді білім беру бағдарламасы қабылданды.
- Қазақстанда ЖОО-дары мен колледждерге, ғылыми орталықтарға желілік ақпараттық-коммуникациялық білім беру қызметтерін ұсынатын KAZRENA компьютерлік ұлттық ғылыми-білім беру желісі жұмыс істейді.

«Цифрлық дәуір» өнеркәсібінің қалыптасуына арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын жасау

Индустрия 4.0» (Төртінші өнеркәсіптік революция) – 2011 жылы неміс кәсіпкерлері, саясаткерлері және ғалымдары айналымға енгізген термині. Олар бұл құбылысты «зауыт үдерістеріне «киберфизикалық

жүйені» күшейте біріктіру арқылы өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы» ретінде таныды.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- ҚР-ның 2010–2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустрияландырудың **бірінші бесжылдық** қорытындысы бойынша төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:
 - 770 жаңа жоба енгізіліп, 17 млрд. доллар сомасында тікелей шетелдік инвестиция тартылған
 - «**Батыс Еуропа – Батыс Қытай**» халықаралық транзит дәлізі мен «**Қорғас-Шығыс қақпасы**» АЭА құрғақ порты іске қосылды
- ҚР-ның 2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың екінші бесжылдығының аралық нәтижелері мынадай болды:
 - **1,7 трлн.** теңге соманы құрайтын **258** жоба енгізіліп, **21** мың тұрақты жұмыс орны құрылды
 - Бұрын Қазақстанда өндірілмеген шамамен 500 жаңа өнім түрі жасалып шығарылды: жүк және жолаушылар вагондары, электровоздар, жүк, жеңіл автомобильдер мен автобустар және т.б.
- Кәсіпорындарды цифрландыруға алғаш жол салған жүйе жасаушы мына компаниялар болды: Kazzinc, ERG, «Арселор Миттал Темиртау», Kazakhmys. Аталған компаниялардың өндірісінде жалпы құны **140 млрд. теңгені** құрайтын Индустрия 4.0 элементтері бар **14 жоба** жүзеге асырылуда
- Kazzinc компаниясымен құны **100 млрд. теңге** тұратын «Полиметаллы Жайрема» аталатын **жаңа өндіріс** құрылуда, оның шеңберінде қашықтағы мониторинг, имитациялық модельдеу және басқалары сынды цифрлық технологияны кеңінен қолдану қарастырылған

Бұл үшін не істеу қажет

- ҚР инвестиция және даму министрлігінің мәліметтері бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі 84% және тау-кен өнеркәсібіндегі 56%-дан астам кәсіпорындар тек Индустрия 2.0. деңгейіне ғана сәйкес келеді.
- Индустрия 4.0 элементтерін енгізуге **кедергі келтіретін факторлар**:
 - бизнестің цифрландырудан түсетін экономикалық пайдасын толық түсінбеуі;

- отандық өңдеу мен автоматтандыру және цифрландыру бойынша құзыреттілікті дамытудың әлсіздігі
- білікті кадрлардың жетіспеушілігі
- қаржылық ресурстардың шектеулілігі
- инфрақұрылымдық шектеулер

→ Экономиканың **30% өсімі «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын енгізу мен жүзеге асырудан құралатын болады.** (Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Жаңа индустрияландыру: қазақстандық барыстың қадамы» жалпы ұлттық телекөпірі кезінде сөйлеген сөзінен)

ЕКІНШІ МІНДЕТ

Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту

Шикізат индустриясы және табиғи ресурстарды басқаруды ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді енгізу

XXI ғасырда әлемінің табиғи ресурстарға деген мұқтажы жалғасуда. Олар болашақта жаһандық экономиканы және еліміздің экономикасын дамыту барысында ерекше маңызға ие болады.

Минералды ресурстар қоры бойынша әлемдік көшбасшы елдер қатарына кіретін Қазақстан шикізат шығару өндірісі мен тасымалы тиімділігін барынша арттыруы қажет. Шикізат индустриясын ұйымдастыруды, табиғи ресурстарды басқару тәсілдерін сыни тұрғыда қайта електен өткізген жөн.

Ұзақ мерзімді перспективада мұнай және тау-кен секторы қазақстандық экономиканы жасау үшін маңызды болып қала береді. Сонымен бірге жер қойнауын пайдалануда еңбек өнімділігі де, өндірістің технологиялық жарақтандырылуы да деңгейін көтере алмай отыр.

Бұл үшін не істеу қажет

- Кешенді **ақпараттық-технологиялық платформаларды енгізу**
- Кәсіпорындардың **энергия тиімділігі және энергия үнемдеуге талаптарды арттыру**
- Энергия өндірушілердің өз жұмыстарының **экологиялық тазалығы мен тиімділігіне** қойылатын талаптарды арттыру

Анықтамалық: Бүгінде әлем бойынша өндірілетін электр энергиясының төрттен бірі жаңартылатын энергия көздеріне (ЖЭК) тиесілі. Болжам бойынша 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 80%-ды жетеді.

- 2030 жылға қарай Қазақстандағы баламалы энергия үлесін **30%-ға** жеткізу міндеті қойылды

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Қабылданған **«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты»** елдің «жасыл» даму жолына көшуге негізделген, экономиканың тұрақты және тиімді үлгісін құруға нақты бағдар береді
- 2013 жылы Президенттің бұйрығымен **Қазақстан Республикасын**

«жасыл экономикаға» көшіру бойынша Концепция бекітілді.

- Қазір бізде жалпы қуаттылығы 336 МВт болатын ЖЭК-нің 55 нысаны жұмыс істейді. Соларда 2017 жылы 1,1 млрд кВт/с «жасыл» энергия өндірілді
- Елде **21%** кен орны қазіргі заманғы құралдар және дамыған мәліметтер тарату желісімен жасақталған, қалған кен орындары жаңғыртуға мұқтаж. Себебі 56% кен орыны желілердің жоқтығы немесе оның дамуының жеткіліксіздігімен сипатталады, ал 23% кен орны құрал-жабдықтарының толықтай жаңартылуын қажет етеді

«Жасыл» технологияларға инвестиция салу үшін бизнесті ынталандыру маңызды

Астанада өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі баламалы, «таза» энергия саласындағы дамудың қаншалықты қарқынды екенін көрсетті.

Анықтамалық: ЭКСПО- 2017 көрмесінде қайта өңдеу барысында су сапасын арттыруға, ал ағын су тұнбасын тыңайтқыш ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін, ағын суларды тазалау бойынша Фин технологиясы көрсетілді. Қазақстандық ТҮКҚ кәсіпорындары, өңірлік кәсіпорындар бүгінде осы технологияны өз мекемелерінде қолдану мүмкіндігін игеруде.

Фин павильонында көрсетілген Vaisala Group компаниясының технологиясын «Казгидромет» РМК сынақтан өткізуде. Бұл экологиялық мониторингтің инновациялық станциясы Астана қаласында сынақтық режимде орнатылып қойылған. Ол станция 6 ластанушы заттар бойынша қадағалау және өлшеу қызметін атқарады, олар: азот диоксиді, көміртек оксиді, күкірт диоксиді, озон, РМ-2,5 және РМ-10 өлшенген бөлшектері

Бүгінде әлем бойынша өндірілетін электр энергиясының төрттен бірі жаңартылатын энергия көздеріне (ЖЭК) тиесілі.

Болжам бойынша 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 80%-ды жетеді.

Біз алдымызға Қазақстандағы баламалы энергия үлесін 2030 жылға дейін **30% -ға** жеткізу міндетін қойдық.

Анықтамалық: Бүгін **40% әлемдік** инновациялар «жасыл» экономикаға тиесілі, соның ішінде «жасыл» экономиканың негізгі факторы болып табылатын энергия үнемдеу мен энергия тиімділікке жатады. Энергетика тек қана жылу мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен қауіпсіздігін ғана емес, сонымен қатар ластанушы заттардың 50% шығарылуын және жылыжай табиғи отынының 70% шығарылымын қамтамасыз етеді.

Тиімділіктің ең жоғары рейтингісін Швеция, Норвегия және Коста-Рика алды, ал Германия, Дания және Швеция жасыл экономикасы ең жоғары елдер ретінде қабылданады.

Бразилияда топырақ күтімінің жетілдірілген жүйесі, ауылшаруашылық өнімін жинау және жеткізілім тізбегін басқару есебімен ауылшаруашылығы жерлерін қалпына келтіру жүргізіледі.

Немістің **Дортмунды** көмір индустриясы орталығынан «үшінші индустриалды төңкеріс» атты инфрақұрылымы бар жаңа «жасыл» сектор орталығына айналды.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

→ Қазақстанда 2 мыңнан астам «жасыл» технология патенттелген (2/3 – табиғат қорғау технологиялары, 1/3 – жаңғыртылған энергия көздеріне қатысты технологиялар)

Өңірлердің әкімдері шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тартып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай утилизациялау және қайта өңдеу үшін шаралар қабылдау керек

Жиналған қалдықтар көлемі ұдайы көбейіп отырады. Бүгінгі күні мегаполистің әрбір тұрғынына жылына 500 кг-ға дейін, ал шағын қалалар тұрғындарының әрбіріне 150-200 кг-ға дейін қоқыстан келеді екен.

Қоқыстар мен өнеркәсіптік қалдықтардың ең көбі Норвегия, АҚШ (статистикалық мәліметтер бойынша жылына бір тұрғынға 520 кг-нан келеді), Испания, Нидерланды, Швецияда – 250-300 кг қоқыстан шығарылады.

Түрлі зерттеулер мәліметтері бойынша қағаздың шіруі үшін орташа есеппен 5-10 жыл, ал консервіленген банка шіруіне 90 жыл, полиэтилен мен пластмасса шіруіне 200- 500 жыл, әйнекке 1000 жыл керек.

Қазақстанда жылына 5-6 млн тонна қоқыс жиналады, 2025 жылға таман бұл сан 8 млн тоннаға дейін артуы мүмкін. Сонымен қатар жинақталған қатты тұрмыстық қалдықтардың жалпы көлемі Қазақстанда 100 млн.-ға жуық тоннаны құрайды.

ҮШІНШІ МІНДЕТ

«Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі

Жаңа технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігін түбегейлі арттыру

Ауылшаруашылығы өндірісін арттырудың басты құралы зерттеулер, инновациялар, білімді тарату және озық технологияларды енгізуге негізделген өнімділік өсімі болуға тиіс.

J'son&Partners Consulting компаниясының мәліметтерінше, ауылшаруашылығындағы бизнес-үдерістердің тиімділігін жаңа технологияларды қолдану арқылы **50–70%-ға дейін арттыруға болады**. Роботтандырылған кешендерді қолдану ЖЖО, су, электр энергиясын пайдалану, егістікті жинау шығынын бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде астық өнімділігін **1,5–2 есе арттырып**, дақылдар отырғызу құнын **80%-ға** дейін қысқартуға болады.

Анықтамалық: «Цифрлы экономика» сөз тіркесімен бірге «Цифрлы егіншілік» тіркесі (Digital Farming) пайда болды. «Цифрлы егіншілік» мақсаты – ауылшаруашылығында технологиялық үдерістерді автоматтандыру. Еуроодақ елдерінде цифрлы егіншілік технологияларын фермерлердің 80 пайызы, ал АҚШ-та – 60 пайызы қолданады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның ауылшаруашылығында жаңа технологиялар қолданатын ауылшаруашылығы саласы өндірушілерінің үлесі болмашы ғана, бұл өнімділік өсімі мен шығынды азайтуды шектейді.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Қазақстанның ауылшаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2016 жылы бір қызметкерге **\$4,5 мыңнан болды, Салыстырмалы түрде:** АҚШ-та бұл- \$79,1 мың, Францияда – \$62,7мың., Польшада- \$51,2 мың., Германияда – \$38,8 мың., Ресейде \$23 мың
- Қазақстанның ауылшаруашылығында **1,4 млн адам** жұмыспен қамтылған, (ел халқының барлық еңбекке жарамды 16%-ы). Салыстырар болсақ, Голландияда – 4% (680 мың адам). Мұнымен қатар аталған ел жоғары еңбек өнімділігінің арқасында азық-түлік өнімдерін экспорттауда АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұр
- Қазақстанда **1 345 белсенді** өңдеу кәсіпорыны бар. Олардың ішінде сүт өндірісі бойынша кәсіпорын саны – 148, ет өңдеуде-171, май өнімдеріне арналған 49, астықты терең өңдеуде –3 кәсіпорын бар

Бұл үшін не істеу қажет

- «ЭКСПО-2017» көрмесінде қойылған жаңа технологияларды қолдану. Ықтимал қолданыс үшін 15 елден 66 жаңа технология іріктеліп алынды. Оның ішінде энергия мен жанармай материалдарын ауылшаруашылығы қалдықтарынан алу, балдыр биомассасын, тыңайтқышты алу технологиясы, дақылдарды өсіру технологиясы, ауылшаруашылығы жерлері және басқалары үшін видео-мониторингтік пилотсыз авиациялық кешендерді пайдалану бар
- **5 жыл ішінде** аграрлық өнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі мен қайта өңделген ауылшаруашылық өнімдерін ең аз дегенде 2,5 есеге көбейту

Өңделген өнімнің экспортын ұлғайту

Ауылшаруашылығында анағұрлым экспорттық әлеуеті жоғары болып сиыр, қой, шошқа еті, сонымен қатар астық, майлы дақылдар, картоп және оларды қайта өңдеу өнімдері (органикалық өнімдерді қоса алғанда) табылады. Өткізу нарығының әлеуеттілері ЕАЭО, ТМД елдері, Қытай, Иран, Ауғанстан және БАӘ болып қалып отыр.

«Азық-түлік және келісім-шарт корпорациясы» ҰК» АҚ экспортын жылжыту үшін сыртқы нарықтың барлық ауылшаруашылығы өнімдерін сату бойынша операторға өзгерді. Енді ол тек астықпен ғана емес, басқа да ауылшаруашылығы өнім түрлерімен айналысады.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан секілді елдердің импорт құрылымында егін шаруашылығы өнімдерінің кейбір түрлері бойынша Қазақстандық өнімдер үлесі **86%-дан астам**. Осылайша, Ресей импортындағы бидайдың барлық көлемінде қазақстандық бидай үлесі 86,6%. Өзбекстанның бидай, ұн, майлы дақылдар импортында қазақстандық өнім үлесі 100%-ды құрайды, сәйкесінше 99,2% және 98,7%-дан келеді
- Жалпы экспорттағы өңделген ауылшаруашылығы өнімдерінің үлесі **44%-ды құрады**. Жыл сайын экспорттың жалпы үлесіндегі қайта өңделген агроөнеркәсіп кешені өнімдері көлемінің өсімі байқалады. Экспорт бойынша көш басында – бидай мен ұн. Экспорт құрылымындағы бидай үлесі 27,6%-ды құраса, ұнның үлесі – **19,4%**
- 2017 жылдың 9 айында 71 мың. тонна астық және дәнді дақылдар экспортталған
- 2017 жылы азық-түлік келісім-шарт корпорациясының экспорты

мынадай болды: астық 300 мың тонна (2016 жылы астық экспорты – 190 мың тонна болған); өсімдік майы (бірінші рет) – 2 мың тонна; сынамалы тауарлар: жасымық, асбұршақ, ноқат, соя, жүгері – 25 мың тонна; қой еті – 2 мың тонна болды

→ Қытай нарығы балық, қой, ара шаруашылығы және жылқылар, сонымен бірге астық жармалары үшін ашық. Біріккен Араб әмірліктеріне ірі және ұсақ мүйізді қара мал жеткізудегі кедергілер алып тасталынды

Аграрлық ғылымды дамыту

Мәселен, өнімділікті бірнеше есе арттыруға егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен күресудің **интеллектуалды жүйелері** арқылы қол жеткізуге болады.

Жүргізушісі жоқ техника адами факторды азайтып, егіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Қазақстанда 2018-2020 жылдары аграрлық ғылымды дамытуға **12,6 млрд. теңге қарастырылған**. Қаржыландыру ғылымды дамытудың 21 басым бағыты бойынша жүзеге асырылуда
- «НАНОЦ» ғылыми аграрлы ғылыми білім беру орталығы құрамындағы АӨК саласында ғылыми білім берумен қамтамасыз етуге **3** аграрлық ЖОО, 31 филиалы бар **23** ҒЗИ, **7** тәжірибелік шаруашылық, **7** селекциялық станция, **4** қызмет көрсету компаниясы жұмылдырылған
- Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жалпы көлемі ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы өніміне шаққанда 0,15%-ды құрады. Бұл технологиялық көш бастайтын елдерге қарағанда орташа есеппен 10 есеге төмен

Бұл үшін не істеу қажет

- **Жаңа технологиялар** трансферті және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысу
- **Аграрлық университеттер рөлін** қайта қарастыру (АӨК-де іс жүзінде жұмыс істейтін немесе ғылыми қызметпен айналысатын мамандар дайындау)
- **Оқыту бағдарламаларын** жаңартып, АӨК-дегі озық біліммен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналу

Ауылшаруашылығындағы шығынды азайтудың және АӨК-не жаңа технологиялар енгізудің маңызды құралы болып ауылшаруашылығы кооперациялары табылады. АӨК саласында шаруашылықты нығайту ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру, өткізу және қайта өңдеу жүйесін оңтайландыруға, сонымен қатар мемлекет пен фермерлер арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қосалқы жеке шаруашылықтарды кооперативтерге үлкейту тек өндірілген өнімнің өзіндік құнын төмендетуге ғана емес, сонымен бірге олардың сапасын арттыруға да септік етеді.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

→ 2017 жылдың қараша айындағы жағдай бойынша Қазақстанда 56 мың жеке қосалқы шаруашылықтар біріктірілген 1 048 ауылшаруашылығы кооперативтері құрылған. 2017 жылы ауылшаруашылығы кооперативтерін қаржыландыруға 41 миллиард теңге бөлінген

→ Қазақстанда ауылшаруашылығы кооперативтеріне ет пен сүт өнімдерінің 10%-дан төмен үлесі тиесілі

Анықтамалық: АҚШ-та ауылшаруашылық кооперативтеріне барлық фермерлік ауылшаруашылығы өнімдерін өткізудің жалпы көлемінің 30% және фермерлік сатып алулардың 28%-ы келеді. Еуропалық одақта ауылшаруашылық кооперативтерінің үлесі одан да жоғары: ауылшаруашылық өнімдерінің 70-80%-ы кооперативтер арқылы өткізілетін және кооперативтерге ауылшаруашылық өндірісінің тұтыну факторының барлық сатып алуларының 50-70%-ы келетін Нидерланды, Дания, Ирландия және Швеция секілді елдерде.

→ 2017 жылдың тамыз айындағы жағдай бойынша Қазақстанда 806 ауылшаруашылығы кооперативі жұмыс істейді. Оларға негізінен ет, сүт өнімдерін шығарып, көкөністер мен жеміс өсіретін, ара бағатын 50 мыңнан астам жеке қосалқы шаруашылықтар біріктірілген. 2017 жылдың қаңтар-тамыз айларында кооперативтер 25 мың тоннадан астам сүт пен 8 мың тоннадан астам ет дайындап шығарған

Ауылшаруашылығы кооперативтерін қаржыландыруға 2017 жылы → 41 миллиард теңге бөлінген

ТӨРТІНШІ МІНДЕТ

Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру

Көлік-логистикалық жүйе Қазақстанның өңірлер арасындағы экономикалық байланыстарын жүзеге асыратын басты құрал және қазақстандық тауарларды әлемдік нарықтарға экспорттауда басты жолсерік болып табылады. (2017-2020 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы).

«Тиімді көліктік инфрақұрылым» – Қазақстан экономикасын дамытуда ең қажет жағдай. Ел үкіметі алдымызға қойған өршіл мақсаттарға жету үшін инфрақұрылымды дамытудың жылдам әрі озық қарқыны керек (Андрей Тимофеев, Ресей мен ТМД-дағы The Boston Consulting Group (BCG) басшысы).

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары:

- 2016 жыл қорытындысында Қазақстан Бүкіләлемдік банктің логистика тиімділігі Индексі бойынша рейтингінде **77-ші орынды алып**, 2014 жылмен салыстырғанда 11 позицияға көтерілді. (88-ші орын)
- 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында жұмыстар 9 жобада жүргізілді, республикалық маңыздағы шамамен 2000 км жол құрылысы мен қайта құруы жасалды (2015 жылы – 767 км, 2016 жылы – 456 км, 2017 жылы (жоспар) – 602 км). 616 млрд. тг. қаржы жұмсалған (2015-2016 жж.), 2017 жыл жоспары – 356,2 млрд. тг.

Анықтамалық: Жол құрылысы және қайта салу бойынша 9 жоба: Батыс Еуропа–Батыс Қытай, Орталық–Оңтүстік, Орталық–Шығыс, Бейнеу–Ақтау, Алматы–Өскемен, Астана–Петропавловск, Жезқазған–Петропавловск, Ақтөбе–Атырау, Орал–Каменка.

- Бүгінде Қазақстан арқылы үш ірі трансқұрлықтық бағыт басып өтеді:
 - 1) Қытай–Қазақстан–Ресей–Еуропа, Балтық теңізіне шығады (Жібек жолы Экономикалық белдеуі);
 - 2) Қытай–Қазақстан–Әзербайжан–Грузия–Түркия–Еуропа, Қара және Жерорта теңізіне шығарады (TRACECA бағдарламасы);
 - 3) Қытай–Қазақстан–Түрікменстан–Иран–Пәкістан, Парсы шығанағы және Үнді мұхитына жол ашады.

Анықтамалық: Қытайдың жалпы жыл сайынғы экспорт көлемі 1,9 трлн. еуроны құрайды. Оңтүстік теңіз жолы арқылы Қытайдан Еуропаға бағытталған тауарлар тиісті жеріне орташа есеппен 45 күнде жетеді, ал солтүстік теңіз жолы арқылы шамамен 30 күндей жүреді. Қазақстандық бағдар арқылы жөнелту қазіргі таңда бар болғаны 14 күнді алады.

→ Қазақстан арқылы өткен жүк транзиті 2017 жылы 17%-ға өсіп, 17 млн.тоннаға жуықтады

Бұл үшін не істеу қажет

→ 2017–2020 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Көлік және логистика» бағыты бойынша мыналарды енгізу жоспарлануда: **Интеллектуалды көлік жүйесі**, жол активтерін басқару жүйесі, жедел қызметтерді шақырту жүйесі, әуе тасымалының қағазсыз құжат айналымы бойынша «E-freight» жобасы

→ Транзиттен түсетін жыл сайынғы табысты 2020 жылы **5 млрд долларға** дейін жеткізу міндеті тұр. Бұл инфрақұрылымға жұмсалған мемлекет қаражатын тез арада қайтаруға мүмкіндік береді

Анықтамалық: Boston Consulting Group сарапшыларының бағалауынша, транзиттік тасымалдардың өсуінен елдің ІЖӨ-ге түсетін жинақтама салымы 2020 жылы 5,2 млрд долларды құрайды.

Жүк қозғалысын онлайн режимінде бақылап, олардың кедергісіз тасмалдануы үшін блокчейн сияқты цифрлық технологияны енгізу

Блокчейн дегеніміз – тек қана биткоин емес, ол криптовалюта. Блокчейн – қашан болмасын жүргізілген барлық транзакциялардың және оған қатысқан барлық қатысушылардың мәліметтері сақталатын ақпараттар базасы. Ол өзара байланысқан жария мәліметтерден тұрады.

Блокчейн жеткізіп беру тізбегінің әрбір қатысушысы атқарылатын жұмыстардың барлық үдерістерін қадағалап отыруға мүмкіндік беретін электронды жүйеге қолы жететіндей жүйені құрастырады.

Әлемдегі тауар айналымының **90%-ы** контейнерлер арқылы жеткізіледі. Оған логистикалық тізбектің **30-ға жуық** буын өкілдері қатысады, (жүк жөнелтушілерді, жүкті қабылдап алушыларды, тасымалдаушыларды, кедендік, фиксалды, қадағалаушы органдарды қоса алағанда) бұл жерде **200 бірліктен** астам ақпараттық өзара әрекеттесу шаралары жүзеге асырылады.

BCG Perspectives мәліметтері бойынша 2020 жылға таман әлемдік сауданың өсімі +440% құрайтын болады.

«Үлкен деректерді» (Big data) пайдалану сапалы талдауды қамтамасыз етуге, өсімнің резервтерін анықтауға және артық шығынды азайтуға жағдай туғызады

Big data (ауқымды мәліметтер) –құрылымдалған және құрылымдалмаған мәліметтердің орасан зор көлемін өңдеудің әдістерін, құралдарын және жолдарын айқындайтын серия.

Big data-ның көліктік-логистикалық саладағы қолданылу үлгісі: **Интеллектуалды көлік жүйесі.**

2002-2012 жылдар аралығында АҚШ-та **ұлттық Интеллектуалды көлік жүйесі бағдарламасы жүзеге асты.**

Нәтижесінде: автострадалардағы көлік құралдарының орташа жылдамдығы сағатына 5,4 мильден кем емес көрсеткішке артып, жүру уақыты шамамен 4,6 минутқа азайды. Қала сыртындағы жолдардағы кідірістер 22%-ға азайды.

2003 жылы Жапонияда «ИКЖ дамыту стратегиясы» жасалып шығарылды. Оның басты қағидасы болып, үш «нөлдік» мақсат жүйесі алынды:

1. Жапония – жолдардағы нөлдік жоғалтулар аймағы;
2. Жапония – жолдардағы нөлдік кідірістер аймағы ;
3. Жапония – жолдардағы нөлдік жайсыздықтар аймағы.

Қазақстанда Интеллектуалды көлік жүйесін енгізу «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен қарастырылған

Ол келесідей міндеттерді шешуге мүмкіндік берді:

1. Көлік құралдарын басқару шаралары арқылы транзиттік әлеуетті арттыру;
2. Көліктегі қауіпсіздікті күшейту;
3. Тасымалды қадағалау функцияларын автоматизациялау көмегі арқылы тұрақты жолаушылар тасымалы қауіпсіздігін арттырып, логистика және көліктерді басқару;
4. Көліктегі барлық қызмет түрлерінің тиімді әрекетін арттыру және ден қоюын жеделдету.

Ішкі өңірлік қатынастарды жақсарту үшін автожолдардың жергілікті желісін жөндеу мен қайта салуға арналған қаржы көлемін көбейту керек

Бұл үшін не істеу қажет

→ Осыған жыл сайын бөлінетін бюджет қаражатының жалпы

көлемін орташа мерзімдегі кезеңде **150 млрд теңгеге** жеткізу қажет

→ Бұл жұмысқа өңірлердегі барлық әкімдіктердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету керек

Анықтамалық: Қазақстандағы автомобиль жолдарының ұзындығы 128 мың км-ді құрайды, оның ішіндегі 85,6 мың км-і жалпы пайдаланудағы жолдар болып табылады, республикалық маңыздағы жолдар ұзындығы 23044 км, оның ішінде халықаралық маңыздағысы 12301 км, ал жергілікті маңыздағы жолдар ұзындығы 62 636 км.

БЕСІНШІ МІНДЕТ

Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейін арттыру

Бұл үшін не істеу қажет

→ Жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар арқасында Қазақстанда пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі жылына **10 миллион шаршы метрден асты**

→ Тұрғын үйді көпшілікке қолжетімді еткен тұрғын үй жинақтау жүйесі тиімді жұмыс істеуде

Анықтамалық: Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі толыққанды түрде ТМД бойынша тек қана Қазақстанда жТұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі толыққанды түрде ТМД бойынша тек қана Қазақстанда жұмыс істеуде. Биыл еліміздегі осы жүйеде жұмыс істейтін жалғыз республикалық қаржы институт болып табылатын Қазақстанның Тұрғын үй жинақ банкіне 15 жыл толмақ, ол 2003 жылы құрылған.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында халықты тұрғын үймен қамту бойынша жүргізілетін жұмыстар келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) Ипотекалық несиелеуге қолжетімділікті арттыру;
- 2) Жеке меншік құрылыс салушыларды тұрғын үй құрылысын салуға ынталандыру;
- 3) Тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы несиелік тұрғын үй құрылысын жандандыру;
- 4) Халықтың әлеуметтік аз қамтылған санатына арналған арендалық тұрғын үй қорын құру;
- 5) Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;
- 6) Бұған дейін қабылданған мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар аясында тұрғын үй құрылысын жүргізу бағыттарын жүзеге асыру.

→ **Баспанамен қамту көрсеткіші соңғы 10 жылда бір тұрғынға шаққанда 30% өсіп, бүгінде 21,6 шаршы метрді құрады**

Анықтамалық: Халықты тұрғын үймен қамту көрсеткіші Ресейде – бір адамға шаққанда 3,4 ш.м. Польшада – 25 ш.м., Қытайда – 32 ш.м., Германияда – 39 ш.м., АҚШ-та – 69,7 ш.м., Ұлыбританияда 70 ш.м.

Бұл үшін не істеу қажет

→ 2030 жылы тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейін бір тұрғынға шаққанда 30 шаршы метрге дейін жеткізу қажет

Құрылыс салудың жаңа технологияларын енгізу

Тұрғындарға қолайлы жағдай жасап, электр энергиясын, жылу мен суды тұтынуды қысқартып, табиғи монополистерді тиімді жұмысқа ынталандыру маңызды.

Бұл үшін не істеу қажет

- Жаңа құрылыс әдістері мен заманауи материалдарды қолдану
- Ғимараттарды жобалауға түбегейлі жаңа тәсілдерді қолдану
- Қалалыққұрылыстарды жобалау кезінде жаңа тәсілдерді қолдану
- Ғимараттардың экологиялық жағдайларына және энерго тиімділігіне жоғары талаптар қою
- Құрылысы салынып жатқан және қолданыстағы ғимараттарды интеллектуалды басқару жүйесімен қамтамасыз ету

Анықтамалық: Еуропаның энергия үнемдеу саласындағы жоспары «20–20–20 ретінде белгіленді. Бұл 2020 жылы бастапқы энергияның 20 пайыз жинағына (20 пайыздық энергия тиімділігі өсімі) қол жеткізу, 20 пайыз энергияны жаңартылатын энергиядан алу және сонымен қатар көмірқышқыл газының қалдықтарын 20 пайыз қысқарту дегенді білдіреді.

Қазақстанда энергия үнемдеу бойынша жаңа технологияларды трансферттеу мақсатында үш энергия тиімділік орталығы құрылды (Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларында), олар энергия үнемдеу және энергия тиімділігі технологиялары мен материалдарын насихаттау және жариялауға арналған алаң қызметін атқарады.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жетілдіру

Әкімдер тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жетілдіру мәселесін мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі негізінде белсенді шешуі қажет.

Анықтамалық: бүгінгі таңда тұрғын үй коммуналдық шаруашылығындағы МЖӘ жобалары не бары екі пайызды құрайды. Энергетика және ТКШ саласындағы жобалардың саны бойынша 5 жоба жүзеге асып жатқан Қостанай облысы үздік болып тұр. Астана, Алматы қалаларында, Павлодар, Маңғыстау, Атырау облыстарында бір-бір жобадан бар. бір жобадан бар.

Бұл үшін не істеу қажет

- «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасына сәйкес 2019 жылы тозу көрсеткіші 53%-ға дейін төмендеуі тиіс

Ауылдық елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін Үкімет бұл іске барлық қаражат көздерінен жыл сайын кем дегенде 100 млрд теңге қарастыру қажет

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2002 жылы үш салалық бағдарлама қабылданды: «2020 жылдарға дейінгі аймақтарды дамыту бағдарламасына кіріктірілген «Ауыз су», «Ақ

бұлақ» бағдарламалары

- Бюджеттік несиелеу және субсидиялау жолымен ТҮКШ инфрақұрылымдарын жаңғыртуды жеделдетуді қарастыратын мемлекеттік «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы жүзеге асырылуда
- 2011- 2016 жылдар аралығында сумен қамту жүйесін дамыту мақсатына республикалық бюджеттен 1520 жобаны жүзеге асыру үшін 438,1 млрд. теңге бөлінді. Бұл тұрғыда 18 мың км сумен қамту желісінің құрылысы салынып, қайта жаңғыртылды
- Еліміз бойынша орталықтандырылған сумен қамту жүйесіне қолжетімділік 2011 - 2017 жылдар аралығында ауылдық елді-мекендер бойынша 42,5%-дан 55,6%-ға , қалаларда 82%-дан 92,9%-ға артты. 6601 ауылдың ішінен орталықтандырылған сумен қамту жүйесімен 3 671 село немесе 55,6 % қамтылды
- Халық саны бойынша орталықтандырылған сумен қамту жүйесіне ауыл халқының 80 пайызы қол жеткізді. (7,7 млн адамның 6,2 млн-ы). Бұл бірінші кезекте тұрғындарының саны көп елді мекендер сумен қамтамасыз етілгендігін білдіреді
- «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында **78,1 млрд. теңге** бюджеттік несие бөлініп, **2083,3 км** сумен қамту және су бөлу желілерінің құрылысы жүргізіліп, қайта жаңғыртылды

Бұл үшін не істеу қажет

- 2020 жылға қарай ауыл тұрғындарының 65 пайызына таза ауыз су қол жетімді болуы тиіс

АЛТЫНШЫ МІНДЕТ

Қаржы секторын «қайта жаңғырту»

Банктік портфельдерді «нашар» несиеден арылту ісін аяқтау қажет

Ұлттық банк жұмыс істемейтін несиелерді анықтау және оларды жарамсыз деп тану, сонымен қатар есептен шығару бойынша банктік секторды тестілеуден өткізуді жоспарлап отыр.

Тест өткізудің бастапқы шарты банктер активтерінің сапасын қадағалау арқылы банктің ағымдағы жағдайын анықтау болып табылады. Проблемалық несиелерді есептен шығару банктерді сауықтыру процесіне оң әсер етпек.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- 01.12.2017 жылғы жағдай бойынша банктердің активтері **24,2 трлн. теңге** (2017 жылдың басында 25,6 трлн. теңге) 2017 жылдың басынан бері төмендеу – **5,5%**.
- 01.12.2017 жылғы жағдай бойынша банктердің міндеттемесі **21,1 трлн. теңгені құрап** (жыл басында 22,7 трлн. теңге) 2017 жыл басынан бері – **7,3% азайды**.
- Банктердің несиелік портфелі (негізгі қарыз) 01.12.2017 жылғы жағдай бойынша **13,7 трлн. теңгені құрады** (2017 жылдың басында – 15,5 трлн. теңге), 2017 жыл басынан бері – **11,9% кеміген**.
- Банктердің жұмыс істемейтін займдары (қарыз төлеу уақыты 90 күннен асып кеткен) 01.12.2017 жылғы жағдай бойынша год 1,4 трлн. теңге немесе ссудалық портфельдің 10 пайызы (2017 жыл басында 1,0 трлн. теңге немесе ссудалық портфельдің 6,7%-ы) жұмыс істемейтін несиелер өсімі жыл басынан бері – **3,3%**.

Анықтамалық: Проблемалық несиелері көп банктер:

- «Пәкістан ұлттық банкі» ДБ – 32,84%;
- «Банк ВТБ» АҚ (Қазақстан) – 16,14%;
- «АТФ Банк» АҚ – 12,11%.

Проблемалық несиелер көлемін азайтқан банктер:

- «ККБ» АҚ (- 119,6 млрд. теңгеден 234,2 млрд. теңгеге дейін);
- «БЦК» АҚ (- 60,6 млрд. теңгеден 79,4 млрд. теңгеге дейін);
- «Сбербанк» ДБ (- 11млрд. теңгеден 89,4 млрд. теңгеге дейін).

Ағымдағы ахуал: оң жән теріс жақтары

- Қазақстанда ипотекалық тұрғын үй займдарын қайта қаржыландыру бағдарламасы жүзеге асырылады. Қайта қаржыландыруға қарыз алушының банктен алған ипотекалық займы, 2015 жылдың 1 қаңтарындағы ҚР ХБ ресми курсы бойынша эквиваленті 36,4 млн теңгеден көп емес шетелдік валютадағы ұйымдар, соның ішінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобына қатысты ел заңдарына сәйкес займшылары жатады
- 2017 жылдың екінші жарты жылдығындағы жағдай бойынша проблемалық несиелер қоры жалпы сомасы 113,2 млрд теңге болатын 20,2 мың займдарды қайта қаржыландырған. Қайта қаржыландыруға жататын қалдық қаражат 106,1 млрд. теңгені құрайды
- Банктердегі қор арқылы қайта қаржыландыруға жататын займдардың анағұрлым көп саны:
 - «ККБ» АҚ 33,8 млрд. теңге;
 - «FORTEBANK» АҚ 20,3 млрд. теңге;
 - «Қазақстанның халық банкі» АҚ 18 млрд. теңге.

Экономика салаларындағы нақты тиімділікті есепке алатын ставкалармен бизнесте ұзақ мерзімді несиелендіруді қамтамасыз ету мәселесін шешу

Қазақстан экономиканы несиелендіру деңгейінің көрсеткіші төмен елдер қатарына жатады.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- ҚР ЖІӨ-не шаққандағы несиелеу деңгейі 28% құрайды, ол: Арменияға қарағанда 1,2 есеге, Үндістанға қарағанда – 1,4 есеге, Ресей мен Украинаға қарағанда 1,47 есеге, Түркияға қарағанда 2,1 есеге, Малайзияға қарағанда 3,3 есеге кем.
- 2017 жылдың 11 айында банк несиелерінің көлемі экономикада 1,8%-ға 13 трлн. теңгеге дейін өсті, соның ішінде: теңгеге шаққандағы несие 10%-ға 9,4 трлн теңгеге өсіп, шетелдік валютадағы 15,3%-ға қысқарды.
- Несиелеу өсімі бойынша жетекші банктер:
 - «Цеснабанк» АҚ – 105,7 млрд. теңге;
 - «Қазақстан халық банкі» – 89,7 млрд. теңге;
 - «Банк РБК» АҚ – 89,7 млрд. теңге.

- Заңды тұлғаларға теңгелік несиелер бойынша мөлшерлеме қарашада **15,2%-дан 2017 жылдың қаңтарында 13,4%-ға дейін** төмендеді
- ҚР Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, Қазақстан кәсіпорындарының орташа табыстылығы 18,3% деңгейіне тұрақтады. Бұл ретте өңдеуші өнеркәсіп табыстылығының көрсеткіші (16,2%), ауылшаруашылық, орман және балық шаруашылығы (10,3%), шағын және орта кәсіпкерлік (7%). Экономиканың кейбір салалары бойынша заңды тұлғалар үшін банктердің несиелері бойынша мөлшерлеме табыстылығынан жоғары болып отыр.

Ұлттық банк тарапынан қаржы институттарының қызметіне қадағалау қатаң, уақытылы әрі нәтижелі болуға тиіс

Ұлттық банк нысандандырылған тәсілдемеден ауысуы тиіс, және де банктердің Заң бұзушылықтарының алдын алу бойынша жұмысты күшейтіп және Заң бұзушылықтың болуын күтпей, ықпал ету шараларын қабылдауы керек.

Анықтамалық: Германияда «өзін несиелеу» жолымен теріс пайдаланушылықтың алдын алу үшін «ішкі несиелер» беру ережесі енгізілді, яғни, банк басқарушысына, оның құрылтайшысына, бақылау кеңесінің мүшелеріне, олардың жұбайлары мен балаларына, сондай-ақ, 10% астам капитал банк басқарушысына тиесілі немесе банк капиталының 10% астамын өздері иемденген кәсіпорындарға көмек қарыз беріледі. Мұндай несиелер бақылау кеңесінің келісімімен басқарушылар кеңесінің қаулысы арқылы беріледі. Несиелер туралы мәліметтер инсайдерлер деп аталатындарға міндетті түрде несиелеу ұйымдарын қадағалау бойынша федеральдық ведомствоға ұсынылады.

Италияда жеке меншігінде банктің 15% астам акционерлік капиталы бар, акцияның негізгі ұстаушыларына несиелер беруге шектеу қойылған.

Нидерландияда банктер өз акционерлеріне берілген көмек қарыздар туралы ай сайын есеп беріп отыруы тиіс. Банкті басқарушы қызметкерлердің жалпы несиелер сомасы оның акционерлік капиталының 5%-дан артық болмауы тиіс. Назар салар бір факт, Нидерландияда банк қызметкерлеріне банктер мен инвестициялық компаниялардың акцияларын иемденуге рұқсат етілмеген, қаржы саласының қызметкерлерімен достық қарым-қатынас ұстауға тиым салынған.

Ресейде бір немесе өзара байланыстағы бірнеше акционерге берілген несиелер қатынасы банк капиталының 20% аспауы керек, ал мұндай несиелердің жиынтық шамасы – банк капиталының 50% аспауы тиіс.

Инвестициялық ахуалды жақсарту және қор нарығын дамыту

Қазақстанның қор нарығын дамыту іскерлік белсенділікті арттыруға, экономиканың басымдыққа ие секторларын қаржыландыруға, және де тұтастай алғанда ұзақмерзімді экономикалық өсімге ықпал етпек.

Қазақстанда жеке кабинет арқылы жүргізілетін сауда операцияларының өткізілімін қосқанда, электрондық қызметтер көрсету тәртібі жеңілдетілген. Бұл инвесторларға әлемнің кез келген нүктесінен қазақстандық қор нарығында қаржы құралдарымен сауданы жүргізе беруге мүмкіндік берді. Дамымаған қор нарығы жағдайында жеке инвесторлар өз жинақтарын көбінесе екі құралға – тұрғын үй құрылысына және банк депозиттеріне инвестицияларын салады.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

→ Қазақстанның инвестициялық ахуал көрсеткіштері:

- Инвестициялық ахуал бойынша Орталық Азияда 1 орын
- Doing Business рейтингінде 36 орын
- Doing Business Дүниежүзілік банк рейтингісі шеңберінде реформашы 10 ел сапында
- 189 ел арасында қолайлы салық ахуалы деңгейі бойынша 18 орында

→ Қазақстан қор нарығының көрсеткіштері:

- 2017 жылы Қазақстандық қор биржасында сауда көлемі 11,3 трлн.теңгені құрады, 2016 жылмен салыстырғанда аталған көрсеткіш 8,8 трлн. теңгені құраған(өсім 28%)
- Қазақстанда ішкі борышқорлық нарығының көлемі 2010 жылдан бастап 1,5 есеге өскен. Ресейде ол 3 еседен аса өскен
- Қазақстанда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында бейрезиденттер үлесі 2%-тен сәл асады. Ресейде ОФЗ нарығында шетелдік инвесторлар үлесі 30%-ке жетті

Бұл үшін не істеу қажет

- «Астана» Халықаралық қаржы орталығы ағылшын құқығын және қазіргі заманғы қаржы технологияларын қолданатын аймақтық хаб болуы тиіс.
- «Самұрық-Қазына» ҰАҚ ұлттық компаниясының акцияларын IPO-ға шығару.

ЖЕТІНШІ МІНДЕТ

Адами капитал – жаңғыру негізі

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ

Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы – өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- 2017 жылы Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексіне Қазақстан білім беру жүйесінің сапасы бойынша әлемде 77 орынды иеленді. Орта білім беруді қамту бойынша – әлемде 18 орында.
- Қазақстан әлемде математикалық және техникалық білім беру сапасы бойынша 64 орынды иеленеді (ДЭФ ЖБКИ)
- 2016–2017 оқу жылдарында барлық мектептің бірінші сыныптары жаңартылған бағдарламаға көшті
- Білім беруді кезең-кезеңмен жаңалау 4 жылды қамтиды. 2018–2019 оқу жылдарында өзгерістер 3, 6, 8 және 10 сыныптарда, 2019–2020 жылдары – 4, 9, 11 сыныптарда болмақ

Бұл үшін не істеу қажет

- 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде **балалардың ерте дамуы үшін** өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын **бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын** енгізу қажет. Орта білім беру саласында **жаңартылған мазмұнға** көшіру басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады
- 2019 жылы НИМ тәжірибесі бойынша білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен **мектептер үлесі 100%** құрауы тиіс. 2019 жылы білім берудің жаңартылған мазмұнымен қамтылған **балалар үлесі 100%** құрауы тиіс
- **Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек** болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет
- Білім берудің барлық деңгейінде **математика және**

→ **жаратылыстану** ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек.

Білім беру мекемелерінің арасындағы бәсекелестікті арттырып, жеке капиталды тарту үшін қала мектептерінде **жан басына қатысты**

→ **қаржыландыру** енгізілетін

Қазақстандағы оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары, ол Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

→ елдеріне қарағанда орта есеппен үштен бір еседен көп, оны **төмендету керек.**

Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3D-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар **балалар технопарктері мен**

→ **бизнес-инкубаторларының желісін** құру керек

→ Жас ұрпақты **ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық** ортаға кірістіру қажет.

Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде

Біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде **үш тілді меңгеретін** болады. Сонда ғана нағыз **азаматтық қоғам** құрылады.

Кез келген этникалық топтың өкілі **кез келген жұмысты** таңдай алады, тіпті **Президент болып сайлануға** да мүмкіндігі болады. Қазақстандықтар **біртұтас ұлтқа** айналады.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

→ 2016 жылдан бері жаңартылған бағдарлама бойынша орыс тілі қазақ мектептеріне 1-сыныптан бастап оқытылып келеді

→ EF EPI халықаралықрейтингісіне сәйкес Қазақстан ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша (80 елдің ішінен) әлемде 67 орынды иеленеді

→ Соңғы жылдары әлемде қалыптасқан **7 мың** термин қазақ тіліне аударылған.

Бұл үшін не істеу қажет

→ Орыс тілді мектептер үшін **қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесін енгізу** қажет. Қазақ тілін жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтау қажет

→ 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін **оқытуды ағылшын тіліне көшіру** басталатын болады.

- 2020 жылға қарай ағылшын тілін меңгерген тұрғындар үлесі 20% құрауы тиіс, ал үш тілді меңгерген тұрғындар үлесі 15% құрауы тиіс.
- Терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек
- 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет.

Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуы тиіс

Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- «**Мектептерде интернетке қолжетімділік**» (ДЭФ ЖБКИ) көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемде **39 орын** алады.
- 21,3 мың. адам тегін кәсіби білім алуға жіберілді.
- «Зерттеу жұмыстарына және әзірлемелерге бизнестің шығындары» (ДЭФ ЖБКИ) көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемде **95 орын** алады.
- «Зерттеу және әзірleme саласында бизнес пен университеттер арасындағы ынтымақтастық» (ДЭФ ЖБКИ) көрсеткіші бойынша **75 орынды** алады.

Бұл үшін не істеу қажет

- 2019 жылы білім беру үдерісінде **ақпараттық-коммуникациялық технологияларды** қолданатын мектептер үлесі **90%** (2015 жылы – 15%) құрауы тиіс.
- Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек
- «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» **жобасын жүзеге асыруды жалғастыру** қажет.
- 2019 жылы кәсіби стандарттар негізінде әзірленген, білім бұри бағдарламаларымен қамтамасыз етілген, ТжКБ мамандарының үлесі **58%** құрауы тиіс.
- Орта мектептер мен колледждер және жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларының видеосабақтары мен видеолекцияларын

- Интернетте орналастыру керек.
- 2022 жылы үй желілерін кең жолақты Интернетке қосу деңгейі **83%** құрауы тиіс.
 - Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек.
 - Metallургия, мұнай-газ химиясы, агроөнеркәсіп кешені, био және IT-технологиялар салаларын зерттеуге басымдық беретін жоғары оқу орны ғылымын дамыту керек.
 - Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет.
 - Жеке сектордың бірлескен қаржыландыруға атсалысуы барлық қолданбалы ғылыми-зерттеу әзірлемелері үшін міндетті талап болуға тиіс.
 - 2019 жылы ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған жалпы шығындар көлемінде бизнестің шығындар үлесі 25% (2015 жылы – 21,8%) құрауы тиіс.

ҮЗДІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІ ЖӘНЕ ДЕНІ САУ ҰЛТ

Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін **болады**.

Денсаулық сақтау ісі аурудың алдын алуға бағытталуы тиіс

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі бойынша әлем елдерінің рейтингісінде (55 мемлекет ішінен, Блумберг) Қазақстан **45 орын** алады.
- 2016 жылдың қорытындысы бойынша **БҰҰ НДИ** рейтингісінде Қазақстан **56 орын** алады (2015 – 56 орын, 2014 жыл – 70 орын)

Бұл үшін не істеу қажет

- Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек.
- Тиімділігі аз және мемлекет үшін шығыны көп диспансерлік ем қолданудан негізгі созылмалы ауруларға қашықтан

диагностика жасап, сондай-ақ осы саланы амбулаторлық емдеу арқылы басқаруға көшу қажет.

→ 2019 жылы дене шынықтырумен және спортпен айналысатын тұрғындардың қамтылуы **30%** (2014 жылы – 25,1%) құруы тиіс.

Анықтамалық: АҚШ-та дене шынықтырумен және спортпен айналысатын тұрғындардың қамтылуы 50%, Англияда – 60%, Австралияда – 62%, Финляндияда – 72 % құрайды.

→ 2019 жылы БЖСМ базасында дене шынықтырумен және спортпен айналысатын, балалар мен жасөспірімдердің қамтылуы 15,1% (2014 жылы – 13%) құрауы тиіс.

Онкологиялық аурулармен күрес

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

→ Қазақстанда онкологиялық аурулардың саны өсіп келеді. Бүгінде түрлі қатерлі ісік формасына шалдыққан 164 мыңнан астам емделуші есепте тұр. Тек 2017 жылдың 10 айында 26 мың жуық қазақстандық қатерлі ісікке шалдыққан. Жыл сайын осы аурудан 15 мың адам көз жұмады

→ Қазақстанда онкологияны емдеу тегін, ол тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі тізіміне кіреді

→ Алматыда, Астанада, Семейде, Ақтөбе мен Қарағандыда бес бірдей бес бірдей жоғары мамандандырылған радиология орталықтары бар, онда әлемдегі ең үздік турбинді аппараттар орнатылған

→ Қазақстанда 2 ПЭТ аппараты бар (позитронды эмиссионды томография).

Бұл үшін не істеу қажет

→ Онкологиялық аурулармен күресу үшін кешенді жоспар қабылдау керек

→ Ғылыми онкологиялық орталық құру қажет

→ Халықаралық озық тәжірибе негізінде қатерлі ісікті емдеудің және ауруды ерте диагностикалаудың жоғары тиімділігі қамтамасыз етілуге тиіс.

→ 2019 жылы «Қатерлі ісікті ерте анықтаудың 1-2 кезеңі көрсеткіші» – 59,8% құрауы тиіс (2014 жылы – 55,8%)

Денсаулықты сақтауға ортақ жауапкершілік

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

→ Қазақстан Республикасында ЭЫДҰ елдеріне қарағанда, аурухана төсек-орындарының қамтылу көрсеткіші 20% жоғары болып отыр, стационарда болудың орташа ұзақтығы көбірек (9,5 төсек-орын-күні ЭЫДҰ елдеріне 6,0)

Бұл үшін не істеу қажет

→ Денсаулық сақтау саласы халықтың, мемлекеттің және жұмыс берушінің ортақ жауапкершілігіне негізделген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кезең-кезеңімен көшетін болады

→ Мемлекеттің міндеттерін нақты белгілей отырып, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (ТМККК) жаңа моделін әзірлеу қажет

→ 2019 жылы амбулаторлық-емхана ұйымдарымен қамтамасыз етілуі **10 мың тұрғынға 6,5 бірлікті** құрауы тиіс. (2014 жылы – 4,5)

Денсаулық сақтау жүйесіне заманауи технологияларды енгізу

Бұл үшін не істеу қажет

→ Ақпараттықжүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру қажет.

→ Медицинада ауруларды диагностикалау мен емдеудің тиімділігін айтарлықтай арттыратын генетикалық талдау мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге кірісуіміз керек

→ Медициналық кадрларды қамтамасыз ету және оларды сапалы даярлау. Бүгінде бізде Назарбаев Университетінің бірегей Медицина мектебі бар. Онда біріктірілген университет клиникасы жұмыс істейді. Бұл тәжірибе барлық медициналық жоғары оқу орындарына таратылуға тиіс

→ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің жаңа редакциясын әзірлеу қажет

→ 2019 жылы халықты электронды денсаулық төлқұжатымен қамту **50%** құрауы тиіс

САПАЛЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ӘДІЛЕТТІ ЖҮЙЕСІ

Еңбек нарығының тиімділігін қамтамасыз ету

Бұл үшін не істеу қажет

- Барлық негізгі мамандық бойынша заманауи стандарттар әзірлеу қажет. Бұл стандарттарда жұмыс берушілер мен бизнесмендер еңбеккерлердің білімі, қабілеті мен құзыретінің қандай болуы қажеттігін нақты белгілейді.
- Кәсіби стандарттардың талаптарын ескере отырып, **білім берудің жаңа бағдарламаларын** әзірлеу қажет немесе қазіргі бағдарламаларды жаңарту керек
- 2021 жылы еңбек нарығы сұранысын есепке ала отырып, техникалық және **кәсіби білім берумен** қамтылған тұлғалар саны **70 мың адамды** құрауы тиіс
- 2021 жылы қысқа мерзімді кәсіби біліммен қамтылған тұлғалар саны **56 мың адам** құрауы тиіс
- **Бірыңғай электрондық еңбек биржасын кең ауқымда енгізу** қажет, онда бос жұмыс орындары мен жұмыс іздеушілер туралы барлық ақпарат жинақталуға тиіс
- 2021 жылы еңбекпен қамту бойынша бірыңғай цифрлық алаңға тіркелген жұмыс берушілер саны **32 мың бірлікті** құрауы тиіс, тіркелген жұмыс іздеушілер саны – **75 мың адам**
- Азаматтар **үйлерінен шықпай-ақ** кәсіби бағдарлы тест тапсырып, оқу курстары мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы біліп, өзін **қызықтыратын жұмыс таба алатын болады**
- **Еңбек кітапшаларын да электрондық форматқа** көшірген жөн

Адамдарды нәтижелі жұмысқа тарту

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздар экономикалық өсімнің резерві саналады. Адамдарды нәтижелі жұмысқа тарту үшін көбірек мүмкіндік беріп, олардың жеке кәсібін бастауына немесе жаңа мамандық алып, жұмысқа орналасуына жағдай жасау керек.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Бүгінде Қазақстандағы өзін өзі жұмыспен қамтығандар саны 2,2 миллион адамды құрайды

Бұл үшін не істеу қажет

- «Атамекен» ҰҚП бизнесті үйрету жөніндегі жұмыстарын қолдау керек
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын **күшейту** керек
- **Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу үдерісін мейлінше жеңілдетіп**, оларға мемлекет алдындағы міндеттерін адал атқару тиімді болатындай жағдай туғызу қажет
- 2019 жылы өзін өзі жұмыспен қамтығандар құрамында тиімсіз жұмыспен айналысатындар үлесі **10%** дейін төмендейді (2016 жылы – 16%)

Еңбек ақы мен әлеуметтік төлемақыларды көтеру

Не істелінді

2016-2017 жылдары:

- Базалық зейнетақы, жалпы алғанда, **29%**, ынтымақты зейнетақы **32%**, бала тууға байланысты жәрдемақы **37%**, ал мүгедектер мен асыраушысынан айырылғандарға төленетін жәрдемақының әрқайсысы **43%** өсті
- Денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің жалақысы **28%** дейін, білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысы **29%**, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің жалақысы **40%** дейін, «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы **30%**, шәкіртақылар **25%** өсті

2018 жылы:

- 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ынтымақты зейнетақы 8% артты
- Мүгедектерге, асыраушысынан айырылған және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасыларына арналған жәрдемақылар 16% дейін өсті
- 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақы еңбек өтіліне байланысты орташа алғанда 1,8 есе көбейетін болады

Бұл үшін не істеу қажет

- 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап кәмілетке толған, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектерді бағып отырған ата-аналар үшін қосымша мемлекеттік жәрдемақыны енгізуді тапсырамын

Бір ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем емес мұндай жәрдемақыны шамамен 14 мың отбасы ай сайын алатын болады.

- Мұғалім мәртебесін арттыру мақсатымен білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап **30%** көбейтуді тапсырамын
- 2018 жылы категориялар арасындағы алшақтықты арттырып, мұғалімдер үшін біліктілік деңгейін ескеретін категориялардың жаңа кестесін енгізуді тапсырамын. Нәтижесінде, мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты тұтастай алғанда **30-дан 50%** дейін өседі

СЕГІЗІНШІ МІНДЕТ

Тиімді мелекеттік басқару

Мемлекеттік әкімшілендіру кезінде кәсіпкерлер мен тұрғындардың шығындарын қысқарту

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Соңғы сегіз жылда Қазақстанда мемлекеттік тексеру саны бес есе төмендеді. Егер 2010-2011 жылдары олардың саны шамамен 500 мың болса, бүгінде бұл сан 100 мыңнан аспайды
- 2016 жылдың қарашасынан бастап «Атамекен» ҰҚП-да «Үкімет бизнес үшін» жобасы басталды. Жоба аясында кәсіпкерлер үшін қаржылық емес қолдау қызметтерінің 8 санаты автоматтандырылды, әр санатта 8 қызметтен бар. Сервис жұмысын бастаған сәттен бастап кәсіпкерлер тарапынан 15 000-нан астам мәлімдеме түсті, соның 13 000 бүгінде орындалды

Бұл үшін не істеу қажет

- **«Бір терезе» қағидаты бойынша** бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету қажет.
- Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы **«бір өтініш» қағидаты бойынша** жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді.

Бизнесті реттеуге қатысуды әрі қарай азайтуға бағытталған заң қабылдауды **жылдамдату** керек

Анықтамалық: Сенаттың қаралымында «Кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша ҚР-ның кейбір заңдық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жатыр, егер ол қабылданған жағдайда, 2018 жылы жалпы тексеру саны 30%, ал 2020 жылға қарай тағы 10% қысқармақ.

Бизнес-климатты жақсарту, әсіресе, өңірлік деңгейде

Бизнес-климатты жақсарту үшін батыл іс-қимыл талап етіледі, әсіресе өңірлік деңгейде. Үкімет бизнесті көлеңкеден шығарып, оны қолдауға бағытталған жүйелі шаралардың жаңа пакетін дайындауға тиіс.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Doing Business – 2017 рейтингінде, Қазақстан әлемнің 190 елі арасында бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша 51 орыннан 35-ші орынға ауысты. Doing Business – 2018 рейтингінде, Қазақстан 36 орында. Бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайы бойынша жетекші елдер қатарында Жаңа Зеландия, Сингапур, Дания, Корея Республикасы және Гонконг.
- «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының зерттеулеріне сәйкес 2016 жылдың қорытындысы бойынша мейлінше қолайлы іскерлік климат Алматы қаласында, рейтингіде екінші және үшінші орындарды сәйкесінше Астана және Оңтүстік Қазақстан облысы алады. Іскерлік климат бойынша рейтингіде соңғы орындарды Солтүстік Қазақстан (16 орын), Қостанай (15), Қызылорда (14) облыстары иеленді

Бұл үшін не істеу қажет

- Үкімет бизнесті көлеңкеден шығарып, оны қолдауға бағытталған жүйелі шаралардың жаңа пакетін дайындауға тиіс

Әкімшілік шығындарды азайту

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Әкімшілік шығындарды азайту мақсатында 2016–2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспары іске асуда, ол бойынша республикалық меншіктегі 12 ірі нысанды, ұлттық басқарушы холдингтердің 52 ірі еншілес ұйымын, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-ның 168 еншілес ұйымын, т.б жекелешендіру күтілуде

Бұл үшін не істеу қажет

- Мемлекеттік органдарға бағынышты ұйымдардың санын қысқарту есебінен **жекешелендіру жоспарын кеңейте отырып, оны іске асыруды жеделдету** қажет. Әкімшілік шығындарды азайту үшін ведомствоға бағынышты нақты қажетті ұйымдарды мүмкіндігінше біріктіру керек

Мемлекеттік қызметкерлерге сыйақы беру жүйесін жетілдіру

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Мемлекеттік қызметкерлердің еңбек ақысының қазіргі жүйесі олардың жұмысының күрделілігі, жауапкершілігі, тиімділігі

деңгейін есепке алмайды

Бұл үшін не істеу қажет

- Мемлекеттік қызметшілердің факторлық-балдық шкалаға негізделген жаңа еңбекақы жүйесін енгізу қажет
- Қолданыстағы тарифтік сеткаға қарағанда, факторлық-балдық шкала 8 факторды: қызметкерлерді басқару, жауапкершілік, өзіндік жұмыс істеу, жұмыс тәжірибесі, арнайы білім деңгейі, жұмыс қиындығы, қабылданған шешімдер салдары, байланыс деңгейін есепке ала отырып, еңбекақы жүйесін құруға мүмкіндік береді
- Еңбекті факторлық бағалау жүйесі АҚШ, Сингапур, Малайзия, Жаңа Зеландия және өзге де экономикалық дамыған елдерде, сондай-ақ, ірі трансұлттық компанияларда өзінің сәттілігін дәлелдеді

Өңірлердегі мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мен экономикалық дербестігін арттыру

Бұл үшін не істеу қажет

- Жалпы алғанда, өңірлік саясат өңірлердің шығындарын теңестіруден жеке табыстарының өсімін ынталандыруға бағытталуға тиіс
- Фискальды орталықсыздандыру аясында шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығын өңірлік бюджеттерге беру мәселесін шешу керек
- 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2 мыңнан астам адам тұратын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар мен ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін енгізу заң жүзінде белгіленген
- 2020 жылдан бастап бұл нормалар барлық елді мекендерде күшіне енеді. Салықтық және салықтан тыс басқа да түсімдердің 7 түрі, сондай-ақ шығындардың 19 бағыты ауыл бюджетіне берілді
- Сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм кез келген өңір үшін перспективалық табыс көздерінің бірі болып саналады. Өз кезегінде, Үкімет виза мәселелерін жеңілдетуді, инфрақұрылымды дамытуды және туризм саласындағы кедергілерді алып тастауды қамтитын кешенді шаралар қабылдауы керек

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- 2016 жылдың қорытындысы бойынша туризмнің әлемдік ІЖӨ-де үлесі 10%, Қазақстанда – 1% құраған. Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша, әлемдегі әрбір оныншы орын туризм саласына тиесілі болып отыр
- Қазақстан 2017 жылдың саяхат және туризм секторында бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 81 орынды алады, 2015 жылдың рейтингісімен салыстырғанда 4 позицияға жоғары болып отыр
- Алайда, жоғары визалық шектеулер (113-ші орында) және авиатасымал бойынша екі жақты келісімде тиісті деңгейде ашықтықтың жоқтығы (121-ші орында) елге шетелдік туристердің ағынын шектеп отыр

Мемлекет пен компаниялардың ақпараттық жүйелерінің қорғалуын қамтамасыз ету

Бүгінде киберқауіпсіздік ұғымы тек ақпаратты ғана емес, сонымен қатар өндірістік және инфрақұрылымдық нысандарды басқару тетігін қорғау дегенді де білдіреді.

Бұл үшін не істеу қажет

- Мемлекет пен компаниялар жаңа технологияларды енгізе отырып, өз ақпараттық жүйелері мен құрылғыларының берік қорғалуын қамтамасыз етуі керек
- Бүгінде киберқауіпсіздік ұғымы тек ақпаратты ғана емес, сонымен қатар өндірістік және инфрақұрылымдық нысандарды басқару тетігін қорғау дегенді де білдіреді
- Осы және өзге де шаралар Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында көрініс табуға тиіс

ТОҒЫЗЫНШЫ МІНДЕТ

Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі

Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса береді

Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресте бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек.

"Қазақстан-2050" стратегиясы

Жемқорлықпен күрес бағытында көп жұмыс істелініп жатыр. Соңғы 3 жылдың өзінде жоғары лауазымды шенеуніктер мен мемлекеттік компаниялардың басшыларын қоса алғанда, жемқорлық үшін 2,5 мыңнан астам адам сотталды. Осы уақыт ішінде олардың 17 миллиард теңге көлемінде келтірген залалы өтелді.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Жемқорлық тәуекелділіктерін талдау саласы бойынша 2017 жылы 147 мемлекеттік орган мен ұйымға жемқорлық тәуекелділіктерін жою бойынша 1546 ұсыным беріліп, соның 959-ы немесе 62% орындалды
- Үш жылда бір рет жүргізілетін Transparency International-дың «Әлемдік жемқорлық барометрі-2016» зерттеу қорытындылары бойынша, Қазақстанда осыдан үш жыл бұрынғыға қарағанда, жемқорлыққа қарсы әрекет саласындағы ілгерілеуді бақылаушы азаматтар үлесі 2 есеге артқан, оның үстіне, пара беруші адамдар саны ширекке (1/4) қысқарған

Анықтамалық: Жемқорлықтың 1% азаюы, ІЖӨ-нің – 1,5%-ке өсуіне ықпал етеді.

Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады

Бұл үшін не істеу қажет

- Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру «Цифрлы Қазақстан» Бағдарламасы негізінде жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастыру керек

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- 2017 жылдың шілде айында 740 астам қызмет пен сервис электрондық формаға аустырылды, 83 мобильдік қызмет жүзеге асырылды. 2015 жылы веб-порталда электрондық формада көрсетілген мемлекеттік қызметтер көлемі 36 миллионнан асты, 2016 жылы 40 миллион шамасында. 2017 жылдың қыркүйегінде тіркелген бірегей қолданушылар саны 6,6 миллион адамнан асты
- Электрондық үкіметті дамыту бойынша рейтингісіне сәйкес Қазақстан электрондық үкіметті дамыту бойынша үздік нәтиже көрсетуде. Сауд Арабиясы, Катар, Малайзия, Қытай, Ресейді артқа қалдырып, 193 ел арасында 33 орынға ие болып отыр

Анықтамалық: Бүгінде дамушы елдерде Интернет экономика жылына 25% дейінгі қарқынмен өсуде, бұл ретте, экономиканың бірде бір секторы мұндай қарқынға жақындай да алмай отыр. 90% барлық жаһандық дерек соңғы екі жылда құрылды. Бүгінде 35 млрд құрылғы интернетке қосылған және деректермен алмасуда – бұл сан әлем тұрғындарының жалпы санынан 5 есеге жоғары.

Ұлттық экономиканы цифрландыру бойынша озық елдер қатарында Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания.

Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет

Бұл жұмыстар әрмен қарай ашықтықты, сот жүйесінде, құқық қорғау органдарында есеп берушілікті арттыруды, олардың қатарында жемқорлықты бұлтартпауды, азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуді, заңды қатаң орындауды және құқықтық тәртіпті күшейтуді қарастырады.

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- Экономикалық еркіндік индексіне сәйкес (Index of Economic Freedom 2017) Қазақстан Түркияны (60-шы орын) және Ресейді (114-ші орын) артқа тастап, 42 орынға ие. Бұдан бұрын 2016 жылы – 69 орында болатын. Рейтинг сарапшылары Қазақстанға «реттеу тиімділігі» және «мемлекеттік араласпаушылық» бойынша жоғары баға беріп отыр

Көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек

Бейнебақылаудың интеллектуальдық функцияларын қолдану

бейнебақылауды автоматтандырылған талдау және камерадан алынған бейнекөріністерді өңдеу құралына айналдырады. Сонымен қатар ол, бейнебақылаушы операторлардың штаттық бірлігі санын қажетінше қысқартуға мүмкіндік береді.

Анықтамалық: Бейнебақылаудың интеллектуалдық жүйелері:

Жол қозғалысы, қалалық ортаны қадағалауға, сондай-ақ, әкімшілік-басқарушылық қызмет пен азаматтық тәртіпті бақылауға видеосигналдар көздерін біріктіреді;

Видео талдаулар мен деректерді сақтау құрылғыларын басқарудың озық технологияларын енгізеді;

Жоғары қанық форматта жинақталған видеодеректерді өңдеуді, сондай-ақ, тиісті кодтау технологиясы арқылы көрініс пен деректі беруді жүзеге асырады.

ОНЫНШЫ МІНДЕТ

«Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін

Smart City (Ақылды қала) – қалаларды дамыту стратегиясы, ол мәселелерді шешу үшін жаңа технологиялық жетістіктерді пайдаланады. Smart City миссиясы болып қалалық қызметтерді оңтайландыру және экономикалық өсімді ынталандыру, сондай-ақ, экологиялық тұрақтылық, қолжетімді және сенімді транзит, білімге қолжетімділікті қоса алғанда, ақылды технологияларды пайдалану арқылы қала тұрғындары үшін өмір сапасын жақсарту табылады. McKinsey Халықаралық консалтингтік компания 2020 жылға қарай 600 «ақылды» қаланың пайда болатынын айтып отыр. Болжамға сәйкес олар әлемдік ЖӨ-нің жоқ дегенде үштен екісін түрлендіретін болады.

«Smart City» тұжырымдамасы негізінде қалалық ортаны басқару

«Smart City-дің» табысты болуы бірінші кезекте, олардың тұрғындарына, сондай-ақ, жаңа технологияларды енгізумен айналысатын және ілгерушілікке белсенді қатысатын үкіметіне, инвесторларына байланысты. «Smart City» концепциясы әлемнің көптеген қалаларында қолданылуда.

Анықтамалық: 2016 жылы Жапонияда Фудзисава ақылды қаласы «ашылды», ондағы барлық үйде тек күн энергиясы пайдаланылады, суды тұтыну 30% төмендеген, сондай-ақ, тек электрлі автомобильдерді, велосипедтерді және самокаттарды пайдалануға болады. Қала көшелерінде сенсорлық жүйелер орнатылған, сондықтан олар көшеде адам барда ғана жұмыс істейді. Жер сілкінісі болған жағдайда, қала үш күн бойы тұрғындарды ыстық және салқын сумен қамтамасыз ете алады. Барлық нысандар қаланың орталық алаңындағы Fujisawa SST Square кешенінен басқарылады.

2017 жылдың басында АҚШ-тың Сан-Диего қаласына 3 200 интеллектуальды сенсорлық тораптар орнатылды, олар көлік өзгальсы мен тұрақты оңтайландыруда қоғамдық қауіпсіздікті арттырады. 25% сыртқы жарықтандыру жаңғыртылды: қозғалысқа әсер ететін 14 000 жаңаша жарықдиодты шамдар орнатылды, бұл электрэнергиясына кететін жылдық шығынды 2,4 млн. долларға дейін үнемдейді деп күтілуде.

Заманауи технологиялар жылдам өсіп келе жатқан мегаполистің проблемаларын тиімді шешуге жол ашады

БҰҰ –ның тұрақты даму бойынша Комиссиясының болжамына

сәйкес, 2050 жылға дейін қалада тұратын адамдар үлесі 53%-тен 70%-ке дейін артады. Күн сайын қалаға 1,3 млн. адам қоныс аударады. Мұншалықты жедел қалалану көлік коммуникациялары, апатты-құтқару және қаланың коммуналдық қызметтері сияқты қала қызметтеріне аса ауқымды күш түсіреді. Көбісі қазірден-ақ өз мүмкіндерін сарқып алды.

Қазіргі заманғы қалалардың проблемаларын шешу үшін жаңа буынның ИТ-жүйелері жасалып, тестіленуде. Онда Big Data талдауы, кешенді компьютерлік үлгілеу пайдаланылып, адамдардың жүріс-тұрысы және әлеуметтану саласындағы жаңа ғылыми зерттеулер нәтижелері қолданылуда.

Анықтамалық: Амстердам әкімшілігі үдемелі даму стратегиясын жасаған болатын. Оның мәні ауаны ластайтын көміртегісіз қала жасау. Амстердамдық Smart City платформасы – бұл 70 астам бизнес, әкімшілік, зерттеу мекемелері субъектілері мен азаматтарды біріктіретін серіктестік. Оның ішінде смарт-жобаларды жасау және дамыту ұсынылады. Платформаның басты мақсаты – 2040 жылға қарай қаладағы көміртегі үлесін 75% қысқарту.

2015 жылы Juniper Research мобильдік және цифрлық технологиялар сарапшылары Барселонаға «Әлемнің ақылды қаласы – 2015» атағын берген болатын. Әсіресе жол қозғалысын және автотұрақты басқару, сонымен бірге жарықтандырудың ақылды жүйесі жоғары бағаға ие болды. Juniper Research сарапшыларының қорытындысы бойынша, қалада енгізілген энерготімділіктің ақылды жүйесі 2019 жылға қарай жылына шамамен 9,5 миллиард еуро үнемдеуге мүмкіндік береді.

Астананың тәжірибесі негізінде «Смарт Сити» «эталонды» стандартын қалыптастырып, Қазақстан қалалары арасында озық практиканы таратуды және тәжірибе алмасу ісін бастау керек

Ағымдағы ахуал: оң және теріс жақтары

- «Smart City» жобасы аясында Астана қаласында Smart Астана бағдарламасы жұмыс істейді – астананың үдемелі даму концепциясы. Бағдарлама халықтың өмір сапасын және тұрмыс деңгейін жоғарлатуға, Астананың инфрақұрлымын жаңартуға және жақсартуға, қоғамдық қауіпсіздікті жоғарлатуға бағытталған.
- Бағдарлама аясында келесі жобалар жұмыс жасайды: Smart мектеп, Smart емхана, Smart Tickets, Smart Payments, Көшедегі жарықтандыру, Интеллектуалды байланыс-орталығы, Open Wi-Fi/Wi-Fi Bus және Тұрғындардың ортақ картасы.
- «Көше жарықтандыру» жобасының басты мақсаты электроэнергияны 48% дейін үнемдеу және қосымша электроэнергияны 13,6% ға дейін диммированаия режимі есебінен үнемдеу 5.0 % үнемделді.

